

There are no translations available.



Мен **Бекболат Аманжолұлы Шилібаев**, 1970 жылы 13-ші маусымда, Жамбыл облысы, Луговой (кәзіргі Т. Рыскулов) ауданы, Тасшолак ауылында, шаруа отбасында дүниеге келдім. Ұлым – казак.

1977 жылы мен Құлан ауылындағы Ю. Гагарин атыдағы орта мектепте 1-2 класста, ал 3-8 класстарды Каменка ауылындағы Б. Момышұлы атындағы орта мектепті бітіріп, 1985 жылы Жамбыл облысы, Кордай ауданы, Ырғайты ауылындағы Кенен Әзірбаев атындағы совхоз техникумына түстім. Осы техникумды Агроном мамандығы бойынша 1989 жылы бітірдім. 1989 жылы Жамбыл Гидро Мелиорациялық Құрылыс Институтына жолдамамен экономика мамандығына оқуға түстім. Отбасы жағдайына байланысты оқуды тоқтаттым.

1990-1992 жылдар аралығында, Украйын Республикасына қарасты Қырым облысындағы Севастополь-Евпатория қалаларында өз әскери борышымды атқардым.

1992-1994 жылдары Луговой ауданы, «Путь к коммунизму» колхозында есепші қызметін атқардым.

1995 жылдары Жамбыл педагогикалық институтының биология кафедрасында зерханашы, спорттық пәндер кафедрасында зертханашы.

1996 жылдан Жамбыл университеті. Спорттық пәндер кафедрасында зертханашы, Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі кафедрасында оқу шебері.

1998 жылдары М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі кафедрасында оқу шебері.

2002 жылдары осы университеттің оқытушысы.

2004 жылдан Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі кафедрасында оқытушы, аға оқытушы.

2009 жылы Жамбыл гуманитарлық-техникалық университетінің «Дене шынықтыру және спорттық пәндер» кафедрасында аға оқытушысы, қазіргі кезде осы университеттің «Дене шынықтыру және спорттық пәндер» кафедрасы менгерушісі қызметіндемін.

1995 жылы Жамбыл педагогикалық институтына түсіп, 2000 жылы М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «Дене шынықтыру және спорт » мамандығы бойынша бітірдім.

2007 жылы Келешек жас ұрпаққа сапалы білім, онегелі тәрбие беріп Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының қоғамдық өміріне белсене қатысып «Үстаздар күні» мерекесіне орай алғыс алдым.